



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 01 шілде

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде

№ 1338

О НАЗНАЧЕНИИ ВЫБОРОВ В КУРУЛТАЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

1 июля 2026 года

В соответствии с подпунктом 3) статьи 46 и пунктом 1 статьи 95 Конституции Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Назначить выборы депутатов Курултая Республики Казахстан на 23 августа 2026 года.
2. Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан организовать подготовку и проведение выборов депутатов Курултая Республики Казахстан.
3. Правительству Республики Казахстан, акимам столицы, областей, городов республиканского значения безотлагательно принять все необходимые меры по организационному, материально-техническому и финансовому обеспечению выборов депутатов Курултая Республики Казахстан.
4. Настоящий Указ вводится в действие со дня его опубликования.

Президент
Республики Казахстан

К.ТОКАЕВ

Астана, Ақорда, 1 июля 2026 года

№ 1338

МӘСЛИХАТ ОТЫРЫСЫНДАҒЫ ҚАБЫЛДАНҒАН МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР

Хромтау аудандық мәслихатының кезектен тыс елуінші сессиясы өтіп, онда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды мәселелер қаралды. Сессия жұмысына аудан әкімі Нұрхан Тілеумұратов, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері және мәслихат депутаттары қатысты.



Кезектен тыс сессияның күн тәртібіне ауданның алдағы даму бағытына тікелей ықпал ететін екі маңызды мәселе енгізілді. Атап айтқанда, Хромтау қаласы мен барлық ауылдық округтердің 2026–2028 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы шешімдерге өзгерістер енгізілді. Қабылданған түзетулер ең алдымен тұрғындардың сұранысын қанағаттандыруға, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға және өңірдегі өзекті мәселелерді дер кезінде шешуге бағытталған.

Сонымен қатар, Хромтау қаласының даму жоспарын бекіту туралы шешімге де бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Жаңартылған жоспар аудан орталығында жүзеге асырылатын маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер инженерлік желілерді жаңғырту, абаттандыру жұмыстарын жан-

дандыру, әлеуметтік және коммуналдық нысандарды дамыту бағытындағы бастамаларды жүйелі жүзеге асыруға негіз болады.

Сессия барысында депутаттар күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты талқылап, жауапты бөлім басшыларының баяндамаларын тыңдады. Өзара пікір алмасу нәтижесінде ұсынылған өзгерістер бірауыздан қолдау тауып, тиісті шешімдер қабылданды.

Жиынды қорытындылаған аудан басшылығы мен мәслихат депутаттары қабылданған шешімдердің сапалы әрі уақытылы орындалуы тұрақты бағытта дамуға ықпал етті. Сондай-ақ, бұл өзгерістер ауданның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және өңірдің инвестициялық тартымдылығын күшейтуге ықпал ететіні айтылды.

Алмат ЗЕЙНОЛЛА

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КҮШЕЙЕДІ

Облыстық кәсіпкерлер палатасы мен облыстық мәслихат арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында өңір кәсіпкерлерінің тыныс-тіршілігіне арналған кезекті жұмыс сапары Хромтау ауданында жалғасты.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дидар Боранқұлов пен облыстық мәслихаттың бюджет, өңірлік және салалық даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Нұрлан Махамбетов аудан кәсіпкерлерімен кездесіп, жүзеге асып жатқан

діріс жұмысына өзі жетекшілік етуі көпшілікке жігер береді.

Бүгінде қожалық 10 мың гектарға жуық жерді игеріп, еділбай тұқымды 6 мыңға жуық қой өсіреді. Қырыққа жуық ауыл тұрғыны осы шаруашылықта тұрақты еңбек етеді.



инвестициялық жобалардың барысымен танысты. Сонымен қатар бизнестің дамуына кедергі келтіріп отырған түйткілдерді тыңдап, оларды заңнамалық және мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы шешу жолдарын талқылады.

Жұмыс сапары Табантал ауылдық округіндегі «Елім Табантал» шаруашылығынан басталды. Жиырма жылдан астам уақыт бойы табысты еңбек етіп келе жатқан

Ең бастысы — кәсіпорын басшысы Оңғар ауылының әлеуметтік дамуына айрықша үлес қосып келеді. Жұмысшыларға тұрғын үйлер салынып, мектепке тұрақты қолдау көрсетіледі. Малшылар азық-түлікпен және соғыммен қамтамасыз етіліп, лайықты еңбекақы мен сыйақы алады. Бұл — әлеуметтік жауапты бизнестің нақты көрінісі.

Кездесулер барысында кәсіпкерлер аграрлар саланы дамытуға қатысты өз ұсы-

лекеттік қолдаудың арқасында заманауи құрал-жабдықтар сатып алынып, он адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Ал «Ата-нан» ЖШС өндіріс көлемін ұлғайтып, наубайханасын кеңейтіп жатыр. Жобалық қуаты тәулігіне 5 мың тонна өнім шығаруға есептелген кәсіпорын алдағы уақытта өндірісті еселеп арттыруды көздейді. Дегенмен кәсіпкер электр энергиясының жоғары тарифі, қосымша жер телімін рәсімдеу және ин-



кәсіпорын бүгінде ауданның жетекші агроқұрылымдарының біріне айналған. Басшысы Нұрбек Тілемісов жетекшілік ететін шаруашылықтың иелігінде 30 мың гектар жер бар. Мұнда егіншілік пен мал шаруашылығы қатар дамып келеді.

Соңғы екі жыл ішінде шаруашылықты жаңғыртуға 2 миллиард теңге инвестиция салынып, заманауи бордақылау алаңы бой көтерді. Сонымен бірге жаңа ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынып, өндірістің тиімділігі артқан.

Кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігі де көпке үлгі. Қызметкерлер күніне үш мезгіл тегін тамақпен қамтылып, тұрақты сыйақы алады. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге қолдау көрсетіледі. Осындай қамқорлықтың арқасында ауылда білікті мамандар тұрақтап, тұрғындар тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Дөң ауылдық округіндегі «Данияр» шаруа қожалығы да ауыл кәсіпкерлігінің әлеуетін айқын көрсетіп отыр. Шаруашылық жетекшісі Серік Оразымбетовтің мүмкіндігі шектеулі болғанына қарамастан, күнделікті өн-

ыстарын ортаға салды. Олардың айтуынша, ауыл шаруашылығы техникаларын субсидиялау тетіктерін жетілдіру, басым бағыттарды нақтылау және сапалы тұқым, әсіресе күнбағыс тұқымын сатып алуға берілетін мемлекеттік қолдауды күшейту қажет. Сондай-ақ жеңілдетілген несиелеу бағдарламаларының шарттарын жетілдіру мәселесі де көтерілді.

Хромтау ауданындағы кәсіпкерлік тек аграрлық саламен шектелмейді. Тассай ауылдық округінде жұмыс тобы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан жеке кәсіпкер Елдар Ерғалиевтің жылыжай және көкөніс шаруашылығымен де танысты. Бұл жоба ауыл тұрғындарын жаңа өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Бүгінде өңір үшін стратегиялық маңызы зор жобаның бірі — жалпы құны 135 миллиард теңгені құрайтын жел электр станцияларын салу. Ауқымды инвестициялық жоба жүздеген жаңа жұмыс орнын ашып, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға тың

женерлік инфрақұрылым мәселелері өндірісті дамытуға кедергі келтіріп отырғанын жеткізді.

Кездесулерге аудан әкімдігі өкілдері де қатысты. Соның нәтижесінде бірқатар мәселе сол жерде талқыланып, жедел шешім қабылдау мүмкіндігі туды. Ал қосымша зерделеуді қажет ететін ұсыныстар облыстық кәсіпкерлер палатасының бақылауына алынды. Палата директоры Дидар Боранқұлов кейбір мәселелерді жергілікті деңгейде шешуге мүмкіндік бар екенін, ал заңнамалық өзгерістерді қажет ететін ұсыныстар облыстық мәслихатпен бірлесіп қаралатынын айтты.

Өз кезегінде Нұрлан Махамбетов жұмыс сапары барысында көтерілген барлық ұсыныс жүйеленіп, қажет болған жағдайда облыстық мәслихаттың бейінді комиссияларының қарауына шығарылатынын жеткізді.

— Нормативтік-құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер ең алдымен жергілікті жерде еңбек етіп жүрген кәсіпкерлердің нақты сұранысына негізделуге тиіс, — деді ол.

Ләззат ӘБДІРОВА,
Хромтау ауданы.